

формулировании минимума умений и навыков, которыми должны обладать студенты по окончании курса. Практически все опрошенные преподаватели высказали мнение о том, что в большинстве типовых учебных программ недостаточно раскрыта роль профессиональной иноязычно-коммуникативной компетенции, которая является сложным интегративным целым, которая обеспечивает компетентное профессиональное общение на языке специальности в условиях межкультурной коммуникации.

В связи с вышеизложенными результатами анализа типовых учебных программ по дисциплине «Профессионально-ориентированный иностранный язык» и анкетирования преподавателей, мы пришли к выводу, что сегодня типовые учебные программы по данной дисциплине, по нашему мнению, не отвечают ее целям и задачам. Недостаточно раскрыты компоненты иноязычной профессионально-коммуникативной компетенции студентов технических специальностей, такие как прагматическая компетенция и социокультурная компетенция. Также недостаточно точно изложены требования к умениям и навыкам согласно четырем видам речевой деятельности. Очень мало внимания уделяется таким видам речевой деятельности, как письмо, чтение и аудирование. Отдельного внимания требуют цели и задачи, предложенные в типовых учебных программах. Таким образом, необходимо унифицировать типовые учебные программы по дисциплине «Профессионально-ориентированный иностранный язык» для всех технических специальностей вуза по структуре и по содержанию, для чего требуется разработка методических рекомендации по подготовке типовых учебных программ, которые будут регламентировать структуру, содержание, цели и задачи дисциплины «Профессионально-ориентированный иностранный язык» для всех специальностей.

Литература:

1. «Государственная программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019». - <https://strategy2050.kz/ru/page/gosprog3/>
2. Стратегия «Казахстан-2050». - <https://strategy2050.kz/ru/>
3. The European Engineers. – FEANI: Issue №04. 2009. – 104p.
4. «Концепции развития иноязычного образования Республики Казахстан». – Алматы: Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, 2006 г. – 19с.
5. Типовая учебная программа: Профессионально-ориентированный иностранный язык. 5В074800 – Технология фармацевтического производства. – Караганда: Каргу им. Е.А.Букетова, 2014. – 52с.

Ақтай Ж.М., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультет, ПИМНО – 21 тобының студенті
(*Ғылыми жетекшісі – п.ғ.м., аға оқытушы Асетова Ж.Б.*)

ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақыл - парасатты, ой - өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу - қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.

Бүгінгі білім беруді жаңарту жағдайында оны ақпараттандыру басым мәнге ие болып отыр. Жалпы бүгінгі күні әлемнің барлық елдерінің қоғамдық даму негізі болып білім, ақпарат және ақпараттық технологиялар болып табылады. Соған сәйкес өркениет дамуының қазіргі кезеңін ақпараттандырумен және ақпараттық қоғамды қалыптастырумен байланыстыру кездейсоқ нәрсе емес. Бүгінгі күні республика көлемінде білім беруді ақпараттандыру проблемасы жан-жақты және нақты зерттелуде.

Ақпараттық ғасырда интеллектуалды қызметтің дамуы компьютер және қазіргі коммуникация құралдарымен тығыз байланысты. Бұл технологияландыру адамның іскер белсенділігіне, білімділігіне, мәдениетіне, ал, жалпы айтқанда, ғылым мен көзқарасқа түбегейлі әсер етеді. Ақпараттық технология білімді өңдеумен анықталып, қоғамның материалдық және рухани жағдайын өзгертеді.

Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жағдайындағы оқыту үдерісі оқытушы мен оқушының бірлескен іс-әрекетінсіз, олардың дидактикалық өзара байланысынсыз мүмкін емес. Оқытушы қанша білім беруге тырысқанымен, егер білім меңгеруге оқушылардың өздерінің белсенділіктері болмаса, егер оқытушы бұл жұмыстарды дұрыс ұйымдастырмаса, онда оқыту процесі нақты жүрмейді -дидактикалық өзара қарым-қатынаста болмайды. Сондықтан да, ЗАКТ жағдайындағы оқыту үдерісінде педагог пен оқушы арасында тек жай ғана өзара қарым-қатынас емес, педагогтың компьютерлік технологиялар арқылы жеке тұлғаға әсері, ішкі жан дүниесінің бейнесі, оқушының білімді, білікті, дағдыны, тәртіптіліктің және дамудың белгілі бір элементтері өз бетінше меңгеруге талпынысы олардың өзара бірлескен іс-әрекеті нәтижесінде, жаңа жағдайда ұлы ғалымдардың анықтаған функцияларын орындаған кезде ғана пайда болады.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқу-тәрбие үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану, ақпараттық технологиялар арқылы мамандардың даярлығын жетілдіру бойынша орындалған зерттеулер баршылық. Оларды бірнеше бағыттарға бөліп көрсетуге болады:

- оқу орындарында информатика пәнін оқытуды жетілдірудің әдістемелік жүйесі жасау (Е.Ы.Бидайбеков, Г.Д.Жангисина, С.К.Кариев, т.б.);

- білім беруді ақпараттандыру, оқыту үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану (К.Ж.Аганина, А.Ж.Арыстанова, Е.Балапанов, Б.С.Гершунский, С.Р.Доманова, Қ.Қабдықайырұлы, Ж.А.Қараев, Ш.Х.Құрманалина, Г.К.Нұрғалиева, Е.И.Машбиц, В.М.Монахов, Е.С.Полат, С.С.Тауланов, т.б.);

- жоғары және арнайы оқу орындарында білім беруді ақпараттандыру арқылы мамандар даярлау сапасын арттыру, болашақ мамандардың кәсіби біліктерін жетілдіру, ақпараттық бағыттылығын қалыптастыру, болашақтағы практикалық іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдалануға даярлау (Б.Әбдікәрімұлы, Г.С.Базарбаева, Б.Т.Барсай, Ж.Ж.Джанабаев, В.В.Егоров, М.С.Мәлібекова, А.К.Мынбаева, Л.В.Нефедова, Қ.А.Сарбасова, Г.О.Тәжіғұлова, А.Э.Титовицкая, Л.А.Шкутина, т.б.);

- ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың зерттеу қызметін, болашақ мамандардың ақпараттық және зерттеу мәдениетін қалыптастыру (Р.Ч.Бектұрғанова, Г.Г.Воробьев, Н.Ф.Даумов, Д.М.Джусубалиева, С.Н.Лактионова, Ш.Таубаева, т.б.);

- қашықтан оқытуды технологиясы, электронды оқу-әдістемелік кешенді жасау проблемаларына арналған зерттеулер (Е.Аленичева, М.А.Винницкая, Д.М.Джусубалиева, А.С.Кадырова, П.Монастырев, Е.С.Полат, В.П.Тихомиров, Т.Г.Целуйкина, т.б.).

Жоғарыда аталған зерттеулерге теориялық және әдістемелік тұрғыдан талдау жасай отырып, біз ең алдымен ақпараттық технологиялар ұғымын анықтап алуды жөн көрдік:

Ақпараттандыру – бұл оқыту мен тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттерін жүзеге асыруда білім беру жүйесінде қазіргі ақпараттық технологияларды қолданудың теориясы және практикасымен қамтамасыз ету.

- ақпараттық технология – ақпараттық ресурстарды қолдану процесін жеңілдетуге, олардың қауіпсіздігі мен жылдамдығын арттыруға бағытталған, ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, шығару және тарату жұмыстарын атқаратын технологиялық тізбекке біріктірілген әдістердің, өндірістік процестердің және программалық-техникалық құралдардың жиынтығы;

- ақпараттық технологиялар - ақпаратты алудың, қайта жасаудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың әдістері мен құралдары;

- ақпараттық технологиялар ақпаратты өңдеудің, жеткізудің, таратудың, информатиканың есептеу мен бағдарламалық құралдарын жасаудың машиналы (ЭЕМ-нің көмегімен) технологиясы;

- ақпараттық технологиялар – адамдар білімін кеңейтетін және олардың техникалық, әлеуметтік процестерді басқару бойынша мүмкіндіктерін дамытатын ақпараттарды жинаудың, ұйымдастырудың, сақтаудың, өңдеудің, берудің және жеткізудің әдістері мен техникалық құралдарының жиынтығы;

Ақпараттық технологиялар ақпараттық үрдістердің әр қилылығына байланысты мынандай технологияға жіктеледі:

- ақпаратты жинау;
- ақпаратты жеткізу;
- ақпаратты өңдеу;
- ақпаратты жинақтау;
- ақпаратты сақтау;
- ақпаратты ұсыну;

- ақпаратты пайдалану;
- ақпаратты қорғау.

Нақты ақпараттық технологияны жүзеге асыру үшін мыналарды орындау қажет:

- ақпараттық үрдістің өзін жүзеге асыратын тиісті техникалық құралдардың кешені;
- техникалық кешенмен басқару құралдарының жүйесі;

- техникалық құралдардың барлық іс - әрекеттерінің жүзеге асырылуын байданыстыратын ұйымдастырушылықты әдістемелік қамтамасыз ету.

Ақпараттық технология құралдарына техникалық, программалық, ақпараттық, ұйымдастырушы және әдістемелік құралдар жатады.

Ақпараттық технология жабдықтары: Ақпараттық технологиялардың жабдықтары ретінде программалық өнімдердің кең тараған түрлері пайдаланылады. Оларға, мәтіндік редакторлар, электрондық кестелер, графикалық редакторлар жатады.

Қоғамдағы жаңа өзгерістер және оның тез ақпараттандырылуы мен даму жылдамдығы білім беруге қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертіп, қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласына төмендегідей міндеттерді қойып отыр:

- Білім сапасын арттыру;
- Әлемдік білім беру кеңістігіне ену;
- Орта білімді ақпараттандыру;
- Интернет жүйесін пайдалану;
- Электрондық оқулықтар;
- Қашықтықтан басқару:

Компьютерлік технологияны пайдалану мұғалімге оқушының оқу пәніне деген танымдық қызығушылығын дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Заманауи ақпараттық технология өзіндік ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Заманауи ақпараттық технологияның ішінде ең тиімді технологияларға: оқытудың компьютерлік технологиясы, мультимедиялық технологиялар, электронды конференциялар, электронды пошталар, презентациялық технологиялар, дистанциялық оқыту технологиялары, интернет-ресурстар, электрондық оқулықтар кіреді.

Электрондық пошта кез келген құжатты - ол мейлі қызмет жайлы жалпы мәліметтер бола ма (мекен-жайы, аты-жөні, тақырыбы) немесе жай хабар түріндегі мәтін (хаттың өзі) бола ма - бәрібір олардың ақпараттық негізін бір түрде нық ұстап, нақты әрі сенімді түрде жеткізе алады.

Электрондық поштаны пайдалану кезінде компьютерде әртүрлі арнаулы бағдарламалар қолданылады және олардың қажеттілігіне қарай бірінен біріне жеңіл ауысып отыруға болады. Мұндай бағдарламалар төмендегідей жұмыстарды атқарады:

- алынған хабарларды талдау және жаңа хабарлар дайындау;
- байланыс торабымен жылдам хабар алмасу.

Интернеттің пошталық қызметіне жататын электронды конференциялардың да болашақ мамандардың білімін өздігінен жетілдіруде атқаратын ролі зор. Бүгінде Интернет арқылы өткізілетін электронды конференциялардың екі түрін атап көрсетуге болады:

- «шынайы» конференциялар, мұнда пайдаланушылар бір-бірімен үздіксіз қарым-қатынасқа түседі, тіпті дыбыс пен бейнелік суреттемелерді қолдану мүмкіндігі де бар;
- уақыты бойынша кешіктірілген пікірталастар, оларды көбінесе телеконференциялар деп те атайды.

Электронды конференциялар негізінен белгілі бір тақырып аумағында біріктірілген бірнеше «сюжетті сызықтарға» бөлінеді.

Сонымен бірге конференциялар тізбекті пайдаланушының кез келгенінің қолы жететін ашық түрде немесе конференцияны жүргізушінің (модератордың) қатаң бақылауымен жүргізіліп, тек таңдап алынған құрамға (конференцияға қатынасушыларға немесе шақырылғандарға) ғана арналған жабық түрде болуы мүмкін.

Электронды конференциялардың тиімділігі студенттердің өздерінің ғылыми ойлау нәтижелерін басқалармен бөлісуге мүмкіндік беруі болып табылады. Бұл бір мекемеде, мәселен, мектепте отырып, Жер шарының түкпір-түкпіріндегі өз қатарластарымен білім алмасуды, пікір таластыруды, ортақ проблемаларды шешуді көздейді.

Интернет-ресурстар балалардың шығармашылығын арттыруда да ең қуатты ынталандыру құралы болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының әдеби шығармашылықтарын арттыру мақсатында «Менің алғашқы қолжазбам», «Менің жанұям», «Балалық шақ» т.б. жобаларға

катынасуды ұсынуға болады, балалар мектепке дейінгі өмірі, отбасы туралы туралы әңгімелер жазады, әртүрлі жұмбақтар құрастырады.

Сонымен бірге оқушыларға шығармашылық ойын түрлерін құруға тапсырма беруге болады. Оған біршама уақыт беру қажет, себебі оқушы алдына қойылған проблеманы шешу үшін жан-жақты ізденеді, отбасымен ақылдасады, әртүрлі әдебиеттерді қарастырады, сыныптастарымен, мұғаліммен ақылдасады.

Бастауыш мектепте Интернет-ресурстарды пайдаланудың мүмкіндіктері жан-жақты. Оқушылардың жасаған жұмыстарын әшекейлетуге де, бейнелеу өнері пәнінен Paint бағдарламасында әртүрлі суреттер де салғызуға және оқу процесінде әртүрлі танымдық ойындарды, логикалық сипаттағы ойындарды пайдалануға болады.

Сонымен бірге бастауыш мектепте әрбір пәнді оқытуды Интернет-ресурстарға негіздеуге болады. Мұнда электрондық байланыс ерекше мәнге ие болады.

Электрондық байланыс жүйелерінде оқыту мынадай сұрақтардың шешімін табуы көздейді:

1. Нені оқыту керек?, яғни компьютерлік жүйеге енгізілетін тақырыптарды саралау қажет.

2. Оны қандай ретпен, тәртіппен оқыту керек, яғни тақырып арасындағы байланыс, сабақтастық қатаң ескерілуі қажет.

3. Қалай оқыту керек?, яғни тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алған жөн.

Осы үш сұрақтың шешімін табу Интернет-ресурстар нешінде оқыту әдістемесінің негізін құрайды.

Сонымен бірге электронды оқулықтар оқу үрдісін ұйымдастыруда қолайлы болып табылып, оқулықтың авторы мен оны пайдаланушы оқушылар арасында өзара тығыз байланысты орнатуға мүмкіндік береді. Оқушылар үшін олар өздігінен білім алудың қайнар көзі болып табылады, әрбір оқушы дербес компьютер арқылы кез келген уақытта білімін өздігінше толықтыруға, өзін-өзі бақылауға, білімін тексеруге және аралық, кезектегі, қорытынды бақылауларға дайындалуға мүмкіндік алады.

Біраз жылдар бұрын электронды оқулықтар педагогика ғылымында жаңа құбылыс болып есептелінген. Ал бүгінгі күні ақпараттық педагогикалық технологияларды оқу үрдісінде пайдалану көптеген ғалымдардың зерттеу пәні болып, білім беру жүйесінде электронды оқулықтар, электронды-білім бағдарламалары, электронды-педагогикалық жүйелер (Г.Б.Ахметова, Р.Ч.Бектұрғанова, Ө.З.Имангожина, Ш.Х.Құрманалина, Г.Қ.Нұрғалиева, Ф.Лагедер), электронды кітаптар (В.А.Каймин, Т.Дубнищева, А.Мицель, М.Веретенников), электронды картотекалар (М.В.Жайворонок), гипермәтіндік жүйелер (Л.Д.Орлова, А.Н.Дрога), мультимедиа кеңістігіндегі электронды оқу курстары (О.Околелов, Т.М.Полякова, Н.И.Лобова, В.О.Николаев, Д.С.Суслов), on-line режимі кезіндегі оқыту процесі (Н.А.Полянских және т.б.) кеңінен қолданылуда.

Бүгінгі таңда оқу орындарында электронды оқулық мақсаттан нәтижеге жетуде автоматтандырылған оқыту процесі ретінде, ал, екінші жағынан - ашық әдістемелік жүйе ретінде қолданылады.

Электронды оқулықтар бұл дәстүрлі оқулықтардың мәртебесі мен Интернет-ресурстардың мүмкіндіктерін біріктіретін жаңа буын әдебиеттері болып табылады. Олардың оқушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін дамытуда атқаратын ролі ерекше, атап айтсақ:

- оқу жүйесін жобалауда, сабаққа дайындалу барысында және оқытудың мақсатына сәйкес оқу материалын таңдап алуда, дидактикалық материалдарды құрастыруда оқу еңбегін жеделдетеді және оңтайландырады;

- оқу іс-әрекеті оқушылар үшін қызықты, әртүрлі ойын түрінде (білік, бақылау-тесті, т.с.с.) іске асырылады;

- оқушылардың ақыл-ой күшінің неғұрлым аз жұмсалуды көздейтін эргономикалық талаптар қамтамасыз етіледі;

- нақты объектілерді машина арқылы имитациялау мүмкіндігі туады;

- ақпаратты гипермәтіндер мен мультимедиялар арқылы беру пайдаланылады;

- достыққа негізделген интерфейсті құру, оқушылардың дербес ерекшеліктерін есепке алу арқылы жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасалады;


- көлемді ақпараттарды сақтаудың қарапайымдылығы қамтамасыз етіледі;

- экологиялық талаптар іске асырылады.

Ақпараттық-қатынастық технологиялар мұғалімді алмастыра алмайды және мұғалімге тән көптеген қызметтерді орындай алмайды. Бірақ, мұғалім сыныптағы әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін есепке ала алмайды және осы мүмкіндіктердің бәрін анықтауға мұғалімнің күші де келмейді. Сонымен қатар, мұнда сабақ үлгерімі нашар және орташа оқушыларға көмек көрсету,

жақсы оқитын оқушыларға әрқашан қиынырақ тапсырма беруге көңіл бөлу мүмкіндіктері де жатады. Қолайлы режимде жұмыс істейтін мұғалімнің өзі бәрібір белгілі уақытта немесе оқу уақытының бір бөлігінде әрбір оқушының іс-әрекетін басқара алуы мүмкін емес, әрбір оқушыны оқытуы және дамуын қарқынды қамтамасыз ету жағдайы болмайды. Бұл жерде ақпараттық-қатынастық технологиялар мұғалімге де, оқушыға да маңызды көмек көрсете алады және көрсетуі қажет.

Осы ретте бастауыш мектепке арналған <http://moodle.nci.kz> порталындағы *дербес блогтың* тиімділігін атап өтуге болады. Онда 1-ші және 2-ші сыныптардың «Дүниетану», «Еңбекке баулу», «Математика» пәндері бойынша тақырыптар, дидактикалық материалдар (сабақ жоспарлары, слайдтар, анимациялар, әдістемелік нұсқаулар, мұғалімдердің өздері жасаған ресурстар) орын алған (1-сурет).



Сурет 1. <http://moodle.nci.kz> порталы

Жүйеде мұғалімдер мен оқушылар, ата-аналар арасында ақпаратты кез келген пішімдегі файлдармен алмасуға болатын жағдай жасалған. Қарым-қатынастың үлкен мүмкіншілігі – бұл ақпараттық-білім беру ортасында байланысушылардың қарым-қатынасын ұйымдастыруда маңызды қатынастық объект болып табылады. Пайдаланушының белсенділігін, олардың желідегі жұмысын бақылауға мүмкіндік береді.

Бағдарламалық материалдардың мазмұны қысқа да нақты етіліп берілген. Блогта орын алған материалдар мұғалімдерге арналып жасалғанмен, ақпараттарды барлық оқушылар, ата-аналар қажетінше пайдалануларына болады. Себебі ата-ана мұғалімдердің балалармен қандай тақырыпта, нендей мәселелерді талқылап отырғанын, өз балаларының қандай нақты білімдерді меңгергенін бақылауларына жағдай жасалған.

Бастауыш мектеп жасындағы балаларға тән сипат – бұл қызығушылық, белсенділік, жаңа жағдайға, жаңа талаптарға тез үйрену жылдамдығы мен икемділігі. Олар оқушы тұлғасының көпжақты дамуының алғы шарттары болса, қазіргі Интернет-ресурстары осы шарттарды жүзеге асырудың бүгінгі таңдағы негізгі құралы болып табылады.

Қорыта келгенде бастауыш мектептің оқыту үдерісінде заманауи ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Қазіргі заманда жастарға заманауи ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет. Қазіргі мектептің оқушыларын жеке тұлға етіп қалыптастыруда адам бойындағы асыл қасиеттердің көзін ашып, оны қоғамның белсенді мүшесі етіп дайындау білім мен тәрбие және дамыту қатар жүргізілгенде ғана ғаламдық ойлауға бейімдеу өз дәрежесінде жүзеге асады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010. – 52 б.
2. К.Ж. Бұзаубақова. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Тараз. 2014ж. - - 3 – 5 б.
3. Сарбасова Қ.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар. - Алматы: Атлас-2001 баспасы, 2006. – 175 б.
4. Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б.Б Жаңа информациялық технологиялар: Информатикадан 30 сабақ. - Алматы, 2001. – 152 б.
5. Даумов Н.Ф. Оқытуды ақпараттандыру процесінде оқушылардың зерттеу қызметін дамыту. - пед.ғыл.канд. ...дисс. - Алматы, 2003. – 27 б.
6. Тәжіғұлова Г.О., Мәлібекова М.С. Ақпараттық технологиялар теориясы. – Қарағанды: ҚарМУ, 2002. - 183 б.
7. Нұрғалиева Г.Қ. Электронды оқулықтар - мұғалімдер мен оқушылар қызметін ізгілендіру құралы // Компьютер әлемі, 2002. - №2. - 20 б.
8. Медешова А.Б. Бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін ақпараттық технология арқылы дамытудың педагогикалық шарттары. - пед.ғыл.канд. ...автореф. - Алматы, 2008. – 22 б.

Амелина А.Р., Карагандинский государственный университет им. академика Е.А. Букетова, факультет иностранных языков, студентка гр. РН-41
(*Научный руководитель – ст. преподаватель Ларгина Е.Н.*)

НАРРАТИВНЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Современный Казахстан является полиязычным государством и, исходя из этого, происходит острая необходимость владеть как минимум тремя языками: казахским, т.к. он является государственным языком, русским – языком межнационального общения и английским – языком межкультурного общения. Но и этого не достаточно для человека, который ставит перед собой цель добиться значительных успехов в работе. В нашей стране трудно отыскать хотя бы пару десятков крупных предприятий, которые бы не сотрудничали с иностранными компаниями. Из этого следует, что появляется необходимость подготовки квалифицированных специалистов владеющих иностранным языком на высоком уровне.

Ни для кого не секрет, что раннее обучение иностранному языку приносит положительные плоды, но дискуссии, с какого возраста следует начинать обучение детей иностранному языку, длится вот уже почти столетие. Некоторые психологи полагают, что начинать заниматься с ребенком надо, когда он еще не родился, слушая классическую музыку и разговаривая с ним на различные темы. Другие советуют подождать, не торопиться. Сторонники традиционной методики с этим не согласны, отмечая, что самое верное решение – это начинать обучать ребенка иностранному языку только с 12 лет, так, как это было раньше. Сторонники раннего развития отвечают, что в это время начинать изучать язык уже поздно и результатов не будет. А перед педагогами встает, пожалуй, самая сложная проблема – проблема выбора, с каким из мнений авторитетных ученых согласиться.

Изучение иностранного языка в детском саду оказывает положительное влияние на развитие интеллектуальных способностей ребенка и, тем самым содействует развитию стратегий обучения. Оно вносит важный вклад во всестороннее развитие личности ребенка в целом и способствует развитию его эмоциональных, творческих, социальных, познавательных и языковых навыков.

Многочисленные предпосылки раннего обучения иностранного языка можно систематизировать и представить как четыре типа:

- психологические;
- физиологические;
- антропологические;
- педагогические [1, 16].

Предпосылки на основе психологии развития вытекают из мнений известных представителей детской и возрастной психологии, согласно которым дети до 10 лет обладают особыми интеллектуальными способностями к активному языковому познанию.

Канадскими физиологами В. Пенфильдом и Л. Робертсом установлено, что ребёнок до 9 – 12-летнего возраста является «специалистом» в овладении речью. В этом возрасте он может